

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Тәуелсіздік - Мәңгілік Елдің мәңгілік тұғыры

ЖАРИЯЛАНДЫ  
09.12.2024СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/171866/

Қалыбаева Аружан Серікбайқызы

Тәуелсіздік - Мәңгілік Елдің мәңгілік тұғыры

Тәуелсіздік - ұлы арманның орындалуы, еркіндіктің ең асыл символы. Қазақ халқының ғасырлар бойы аңсап, сол жолда қаншама қан төгіп, жаны ауырғаны - тарихтың өшпес шежіресі. Тәуелсіздікке жету жолы тек жеңіс шеруі болған жоқ; бұл - әр қазақтың жүрегіндегі отаншылдықтың, елдік рухтың өлшеусіз шыңы.

Бабаларымыз ұлы даланы қорғап, елінің азаттығы үшін күресіп, ұрпаққа «Елім-ай» деп естелік қалдырды. Ал сол арманның жалғасы болған 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы - азаттықтың ақ таңының хабаршысы еді. Желтоқсанда алаңға шыққан жастардың жан айқайы мыңдаған жылдық тарихымыздың жаңа парағын ашып берді.

1991 жылдың 16 желтоқсаны - қазақ халқының рухы көкке көтерілген күн. Бұл күн - азаттық жалауы желбіреп, әлемге қазақ деген елдің бар екенін паш еткен тарихи сәт. Қазақстан өз алдына егемен мемлекет болып, ұлы мақсаттарға қол созды. Біздің ел ядролық қарудан бас тартып, бейбітшіліктің туын желбіретті, әлемге ынтымақ пен тұрақтылықтың үлгісін көрсетті.

Тәуелсіздік - құр сөз емес. Ол - Мәңгілік Елдің ең қасиетті тұғыры. Осы жылдар ішінде Қазақстан өзіндік даму жолын қалыптастырып, әлемдік деңгейде мойындалған қуатты мемлекетке айналды. Түрлі этнос өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп, ұлы достық пен бірліктің үлгісін жасады.

Тәуелсіздік - бұл таңның атысы мен күннің батысында еңселі ел болуды армандаған бабалардың орындалған аманаты. Ол - ұлт рухының өлмейтінін

дәлелдеген шындық. Енді бізге жүктелген парыз – осы ұлы құндылықты көздің қарашығындай сақтау, оны болашақ ұрпаққа аманаттау. Себебі тәуелсіздік – мәңгілік елдің мәңгілік тұғыры!

Оқытушы: Жұмаділ М. Т.

Дайындаған: Қалыбаева А. С.

Мамандық: Деректер туралы ғылым 24-01

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.